

Полученные результаты позволяют сделать вывод о том, что политика свободного передвижения в рамках ЕАЭС трансформировала характер миграции из стран Центральной Азии: от модели долговременной эмиграции к модели циркулярной и сезонной мобильности. А также, перенаправить миграционные потоки из Центральной Азии в другие регионы. Например, уже в 2025 году Узбекистан занял четвертое место по объему притока трудовых мигрантов в Европейский Союз среди стран Восточной Европы и Центральной Азии, и тем самым стал ведущим государством Центральной Азии поставщиком рабочей силы на европейский рынок. Формирование более разнообразных направлений миграции может в перспективе способствовать снижению критической зависимости региона от российского направления и привести к постепенной перестройке традиционных моделей мобильности.

Литература

1. Договор о Евразийском экономическом союзе. — Астана, 29 мая 2014 года. Евразийская экономическая комиссия. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org>. – свободный.
2. Everett S. Lee. A Theory of Migration. - Demography, Vol. 3, No. 1. 1966. - 47-57с.
3. Международная организация по миграции (МОМ). Glossary on Migration. 2024. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://publications.iom.int>. – свободный.
4. Евразийская Экономическая комиссия (ЕЭК). Экономике стран ЕАЭС сохраняют положительную динамику экономического роста. Декабрь 12, 2025. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org>. – свободный.
5. Евразийская Экономическая комиссия (ЕЭК). Экономическое развитие Евразийского экономического союза и государств-членов: международные рейтинги. 2018. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org>. – свободный.
6. Петров П.К. ВЛИЯНИЕ ВНЕШНЕЙ МИГРАЦИИ НА СОСТОЯНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ. 2025. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru>. – свободный.
7. Евразийская Экономическая комиссия (ЕЭК). Население и миграция.. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org>. – свободный.
8. Евразийская Экономическая комиссия (ЕЭК). Сведения о численности граждан государств-членов Евразийского экономического союза, въехавших в страну (Республика Армения, Республика Беларусь, Республика Казахстан, Кыргызская Республика, Российская Федерация) для осуществления трудовой деятельности. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org>. – свободный.
9. Указ Президента Российской Федерации от 15.10.2025 г. № 738. О Концепции государственной миграционной политики Российской Федерации на 2026 – 2030 годы. Октябрь 15, 2025. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.kremlin.ru>. – свободный.
10. International Centre for Migration Policy Development (ICMPD). Migration Outlook 2025 Eastern Europe & Central Asia. 2026. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.icmpd.org>. – свободный.

Саттар Б.Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және психология факультеті, СР-23-2к топ, студент
(Ғылыми жетекшісі - И.А. Ахметова)

ЕРЕКШЕ КҮТІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДАҒЫ ЕҢБЕК ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі заман қоғамының өркендеуі жағдайында ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың тіршілік деңгейін көтеру, олардың әлеуметтік бейімделуін қолдау және қоғамдық өмірге интеграциялау әлеуметтік қызметтің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Әлеуметтік оңалту тәжірибесі медициналық көрсетілетін қызметтен ғана құрылмайды, ол жеке тұлғаның әлеуметтік, рухани және кәсіби қабілеттерін жан-жақты қалыптастыруға бағытталуы керек [1, 45–47 б.].

Біздің тұжырымымыз бойынша, арнайы қолдауды талап ететін азаматтарды қоғамдық өмірден оқшауланған топ деп емес, әлеуметтік өсуге өз үлесін қоюға қабілетті, әлеуметтік әлеуметтік белсенді ретінде қабылдау аса мәнді. Бұл контекстте кәсіби қызмет пен еңбекке тартылу тұлғаның өз құнын тануына, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруіне және қоғаммен өзара әрекеттесуін нығайтуға ерекше ықпал етеді. Еңбек арқылы емдеу – арнайы қолдауды қажет ететін азаматтарды әлеуметтік қалпына келтірудің ең нәтижелі және адамгершілік технологияларының бірі болып табылады. Себебі, бұл тәсіл адамды пассивті көмек алушы ретінде емес, өз мүмкіндіктерін ақтара алатын белсенді қайраткер ретінде қарауға негіз береді. Еңбек терапиясы арқылы күнделікті өмірге қажетті дағдылар қалыптасып, еңбекке бейімделу жүзеге асады, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік дербестіктің артуына алып келеді [2, 112 б.].

Қазақстан жағдайында еңбек терапиясының әлеуеті толық деңгейде пайдаланылып отырған жоқ. Әлеуметтік оңалту жүйесінде бұл технология көбінесе қосалқы немесе екінші деңгейлі құрал ретінде қабылданады. Осыған байланысты еңбек терапиясын әлеуметтік жұмыстың дербес әрі тиімді технологиясы ретінде ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігі туындайды. Осы мақалада ерекше күтімді қажет ететін

азаматтарды әлеуметтік оңалтудағы еңбек терапиясының тәжірибесі қарастырылып, оның ғылыми өзектілігі, практикалық маңыздылығы және идеялық сонылығы авторлық көзқарас негізінде талданады.

Еңбек терапиясының негізгі түрлері мен бағыттары.

Еңбек терапиясы ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды әлеуметтік оңалтудың маңызды технологиясы ретінде әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Біздің көзқарасымызша, еңбек терапиясының түрлерін жүйелеу оның тиімділігін арттыруға және жеке тұлғаның қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиеттерде еңбек терапиясының алғашқы бағыты ретінде күнделікті тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған терапия қарастырылады. Бұл бағытта ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға өзін-өзі күту, тұрмыстық әрекеттерді орындау, уақытты тиімді пайдалану дағдылары үйретіледі. Мұндай дағдылар тұлғаның әлеуметтік дербестігін арттыруға және тәуелсіз өмір сүру қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Екінші маңызды бағыт – кәсіби-еңбекке бейімдеу терапиясы. Бұл бағытта азаматтар өз мүмкіндіктеріне сай қарапайым еңбек әрекеттеріне тартылады, кәсіби дағдыларды меңгереді және еңбекке деген ынтасы қалыптасады. Біздің ойымызша, еңбекке бейімдеу тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік рөлін қалпына келтіруде шешуші мәнге ие [5, 94 б.; 7, 142 б.]. Сонымен қатар, шығармашылық еңбек терапиясы (қолөнер, сурет салу, тігін, көркем еңбек) кеңінен қолданылады. Бұл бағыт тұлғаның эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, психологиялық оңалтуға және ішкі әлеуетін ашуға ықпал етеді [2, 118 б.]. Біздің пайымдауымызша, шығармашылық еңбек терапиясы әлеуметтік бейімделудің маңызды құралы болып табылады.

Еңбек терапиясын әлеуметтік оңалту жүйесінде тиімді қолдану белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асырылады. Біздің көзқарасымызша, бұл кезеңдердің жүйелі түрде орындалуы оңалту нәтижелерінің сапасын арттырады.

Бірінші кезең – диагностикалық кезең. Бұл кезеңде ерекше күтімді қажет ететін азаматтың физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайы бағаланады, оның қабілеттері мен қажеттіліктері анықталады [6, 52 б.].

Екінші кезең – жеке оңалту бағдарламасын әзірлеу. Әрбір азаматтың мүмкіндіктерін ескере отырып, еңбек терапиясының түрлері мен мақсаттары айқындалады. Біздің ойымызша, жеке бағдарлама еңбек терапиясының табысты жүзеге асуының негізгі шарты болып табылады [4, 81 б.].

Үшінші кезең – еңбек терапиясын тікелей іске асыру. Бұл кезеңде азамат нақты еңбек әрекеттеріне қатысып, жаңа дағдыларды меңгереді және әлеуметтік ортаға бейімделеді [2, 120 б.].

Төртінші кезең – нәтижелерді бағалау және түзету. Бұл кезеңде оңалту үдерісінің тиімділігі талданып, қажет болған жағдайда бағдарламаға өзгерістер енгізіледі [7, 150 б.].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, еңбек терапиясы тұлғаның әлеуметтік бейімделуін арттыруға, еңбекке қабілеттілігін сақтауға және қоғамға кірігуіне оң әсер етеді. Дамыған елдерде еңбек терапиясы әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастырылып, оңалту орталықтары мен әлеуметтік қызметтер жүйесінде кешенді түрде жүзеге асырылады. Қазақстан жағдайында еңбек терапиясын қолдану әлі де жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Әлеуметтік оңалту мекемелерінде бұл технология көбінесе қосымша қызмет ретінде ұсынылады. Алайда, соңғы жылдары инклюзивті әлеуметтік саясаттың дамуына байланысты еңбек терапиясына деген қызығушылық артып келеді.

Ғылыми мәселенің өзектілігі: Қазіргі әлеуметтік даму жағдайында ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды қоғамға кіріктіру мәселесі әлеуметтік ғылымдар үшін маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл санаттағы азаматтардың едәуір бөлігінде еңбекке қабілеттілік сақталғанымен, оларды әлеуметтік және кәсіби ортаға бейімдеу үдерісі бірқатар қиындықтарға тап болуда [3].

Біздің тұжырымынан, бұл қиындықтардың негізгі түбірі – арнайы қамқорлықты қажет ететін азаматтардың әлеуетін толық ашып көрсетуге бағытталған тәсілдердің жүйелі түрде жеткіліксіз қолданылуында жатыр. Көптеген жағдайларда қалпына келтіру үдерісі медициналық көмекпен шектеліп қойып, әлеуметтік және кәсіби өмірдің аспектілері екінші планға ысырылады. Ал, еңбек әрекетіне қатысу – адамның әлеуметтік жағдайын нығайтатын шешуші факторлардың бірі болып табылады. Еңбектік терапия дәл осы болмашылықты толықтыра алатын тиімді құрал ретінде қарастырылуы қажет. Еңбек терапиясы адамның күнделікті өмірге қажетті дағдыларын дамытуға, еңбекке бейімделуіне және қоғаммен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік оқшауланудың алдын алып, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттырады [4, 78 б.]. Сонымен қатар, Қазақстандағы әлеуметтік оңалту жүйесінде еңбек терапиясын кешенді түрде қолдану әлі де жүйелі сипат алмаған. Осыған байланысты еңбек терапиясының әлеуметтік жұмыстағы рөлін ғылыми тұрғыда негіздеу және оны тәжірибеге енгізу мәселесі өзекті болып қала береді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы еңбек терапиясын ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік оңалту үдерісінде нақты қолдану мүмкіндігімен анықталады. Зерттеу процесінде еңбек терапиясының тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне жақсы әсер ететіндігі дәлелденді.

Еңбек терапиясын жүйелі түрде пайдалану арнайы қолдауды талап ететін азаматтардың өзін-өзі құрметтеу деңгейін көтеруге, дербес шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға және еңбек істеуге деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды. Еңбекпен айналысу тұлғаның қоғамдағы маңыздылығын сезінуіне жағдай жасайды [5, 91 б.]. Зерттеу нәтижелерін әлеуметтік оңалту орталықтарында, жұмыспен қамту қызметтерінде және инклюзивті бағдарламаларда қолдану ерекше тиімді болмақ. Бұл еңбек терапиясы

арқылы қарапайым кәсіби дағдыларды қалыптастыруға, еңбек нарығына бейімделуге және әлеуметтік тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді [6, 103 б.].

Сонымен қатар, алынған нәтижелер әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау жүйесінде оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл болашақ мамандардың еңбек терапиясын кәсіби қызметінде тиімді қолдануына негіз болады. Зерттеу жұмысының идеялық сонылығы еңбек терапиясын ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды әлеуметтік оңалтудың қосалқы құралы ретінде емес, дербес және кешенді технологиясы ретінде қарастыруында жатыр. Еңбек терапиясын әлеуметтік жұмысмен біріктіру әлеуметтік қызметкердің кәсіби функциясын дамытады. Әлеуметтік қызметкер бұл жағдайда тек бақылаушы емес, еңбекке бейімдеу үдерісін ұйымдастырушы және тұлға мен қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етуші ретінде әрекет етеді [7, 134 б.]. Еңбек терапиясын заманауи еңбек нарығы талаптарымен, соның ішінде қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерімен байланыстыра қарастыру ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік-экономикалық дербестігін арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл тәсіл әлеуметтік жұмыста инновациялық бағыт ретінде бағалануы мүмкін [8, 72 б.].

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау ерекше күтімді қажет ететін азаматтарды әлеуметтік оңалтуда еңбек терапиясының маңызды әрі тиімді технология екендігін көрсетеді. Еңбек терапиясы тек күнделікті өмір дағдыларын қалыптастыру құралы ғана емес, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттыратын, оның қоғамдағы рөлін қайта айқындайтын кешенді оңалту тетігі болып табылады.

Біздің пайымдауымызша, еңбек терапиясының басты артықшылығы – ерекше күтімді қажет ететін азаматты әлеуметтік көмектің пассивті нысаны ретінде емес, өз әлеуетін іске асыра алатын белсенді тұлға ретінде қарастыруында. Еңбек қызметіне қатысу адамның өзін-өзі бағалауына оң әсер етіп, әлеуметтік оқшаулануды төмендетуге және қоғаммен өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы әлеуметтік оңалту жүйесінде еңбек терапиясын дамыту және оны әлеуметтік жұмыс практикасына кеңінен енгізу – инклюзивті қоғам қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі. Бұл бағытта әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби рөлін күшейту, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және еңбекке бейімдеу бағдарламаларын жүйелі түрде жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, біздің пайымдауымызша, еңбек терапиясын заманауи еңбек нарығы талаптарымен, соның ішінде қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерімен ұштастыру ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік-экономикалық дербестігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде олардың өмір сапасын жақсартуға және қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Осылайша, еңбек терапиясын әлеуметтік оңалтудың басым бағыты ретінде дамыту әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып, ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың қоғамға толыққанды кірігуіне мүмкіндік береді деп тұжырымдауға болады.

Әдебиет:

1. Смирнова Н.В. Социальная реабилитация инвалидов. – М.: Академия, 2016. – 256 с.
2. Климова Е.А. Эрготерапия в системе социальной работы. – СПб.: Питер, 2018. – 192 с.
3. World Health Organization. World Report on Disability. – Geneva: WHO Press, 2023. – 350 p.
4. Әбдірайымова Г.С. Әлеуметтік жұмыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 180 б.
5. Иванов В.П. Социальная адаптация лиц с ограниченными возможностями здоровья. – М.: Наука, 2017. – 210 с.
6. Абдрашева Б.Ж. Әлеуметтік жұмыс негіздері. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2015. – 145 б.
7. Сидорова Л.К. Социальная работа: теория и практика. – М.: Инфра-М, 2020. – 280 с.
8. Жанұзақова А.М. Инклюзивті әлеуметтік саясаттың негіздері. – Алматы: Эверо, 2022. – 160 б.

Тажмуханова А.Б., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
(Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Бекмашева А.Н.)

5 - СЫНЫПТА АНТОНИМ ЖӘНЕ СИНОНИМ СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Қазақ тілін оқытуда сөз мағынасы тақырыбы маңызды орын алады. Соның ішінде антоним және синоним сөздерді менгерту 5-сынып оқушыларының сөздік қорын байытып, тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Бұл жастағы оқушылардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, антоним мен синонимді жүйелі әрі қызықты тәсілдер арқылы оқыту, соның ішінде инновациялық технологияларды қолдану – мұғалімнің шеберлігі және басты міндеттерінің бірі.

Қазіргі білім берудің мақсаты – баланы жалаң ереже жаттауға емес, алған білімін өмірде қолдануға үйрету. Бұл білім мазмұнындағы түбегейлі өзгеріспен тікелей байланысты. «Өзгеше оқулықтар» мен цифрлық платформаларды сабаққа кіріктіру арқылы біз оқушының тілге деген сүйіспеншілігін оятып, функционалды сауаттылығын арттыра аламыз. Өйткені, функционалдық сауаттылықты арттыру білім беруде маңызды болып табылады.

5-сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып, антоним мен синонимдерді тек жаттау арқылы емес, инновациялық, ойын және цифрлық технологиялар негізінде менгерту анағұрлым нәтижелі